Байкенже ауылдық округі Жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы

Байкенже ауылы „1“ қазан 2025 жыл

Жиналысқа қатысқандар: жергілікті қоғамдастық төрағасы С. Бекназаров, қоғамдыстық мүшелері: Б. Серкінбайұлы, Н. Сәрсенова, Н. Жолдасбеков, С. Төрениязов, С. Рахметов, Б. Жиенбаев, қоғамдастық хатшысы Н. Бектібаев, ауылдық округ әкімі Н. Оспанов, есепші С. Ахметов, салықшы маман С. Тұрсынбай, барлығы 9 адам.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

Жергілікті салық түрлерінен қосымша түскен қаржыны қажетті жұмыстарға бағыттау және мемлекеттік сатып алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мәселелері туралы.

Жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы С. Бекназаров қоғамдастық жиналысын ашып, күн тәртібіндегі мәселенің мән жайын түсіндіру үшін сөзді а/о әкімі Н. Оспановқа берді.

Н. Оспанов: Жылдың басында жергілікті салықтардан түсетін салық болжамы 7 252 300 теңге болып бекітілген. Қосымша салық көздерін табу және салық базасын ұлғайтуға байланысты атқарылған жұмыстардың нәтижесінде І-жартыжылдықтың қорытындысымен бекітілген жоспарға қосымша 6 918 100 теңге салық түсті. Өздеріңіздің келісімдеріңізбен осы жылдың шілде айында қосымша түскен қаржыны ауылдың және әкім аппаратының зәру жұмыстарына бағыттаған болатынбыз. Үстіміздегі жылдың 9 айының қорытындысымен жергілікті салық түсімдерінен тағы 3 800 000 теңге қаржы түсіп отыр. Осы қаржыны сіздердің келісімдеріңізбен Байкенже ауылындағы Т. Тілеубергенұлы, Орал палуан, С. Жандарбеков, Ұ. Оспанова көшелеріне және Билібай ауылындағы С. Үржанов көшесіне күн сәулесінен қуат алатын жарық шамдарын орнатуға жұмсасақ па деп отырмыз. Сол кезде ауылдық округтегі барлық көшелер жүз пайыз жарықтандырылатын болады. Сонымен қатар қаржының бір бөлігін ауылдық округ әкімі аппаратының кеңсесіндегі азаматтық қорғаныс құрал-жабдықтарын сақтайтын бөлмені талапқа сай жөндеп, жабдықтау жұмыстарына бағыттауды ұсынамыз.

Және атқарылатын жұмыстың сапалы орындалуы және мерзімінде орындалуы үшін бұл жұмыстарды Мемлекеттік сатып алудың бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізуге келісім беруді сұраймыз.

Ауылдық округ әкімінің ұсыныстарына байланысты қоғамдастық мүшелері С. Бекназаров, Б. Серкінбайұлы, Н. Жолдасбеков, Б. Жиенбаевтар сөз алып, шынында да бұл жұмыстар тұрғындарға қажетті, зәру жұмыстар, сондықтан ұсынысты қолдап, келісім береміз деген пікірлерін айтты.

Байкенже ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысы айтылған ұсыныс-пікірлерді қорыта келе, **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

2. Жергілікті салықтардан қосымша түскен артық 3 800 000 теңге қаржыны ұсыныста айтылған жұмыстарға бағыттауға келісім берілсін.

3. Соған сәйкес ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік сатып алу жұмыстарының жылдық жоспарына өзгерістер енгізуге рұқсат етілсін.
4. Атқарылатын жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында бұл жұмыстарды Мемлекеттік сатып алудың бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізуге келісім берілсін.
5. Ауылдық округ әкімі мен ауылдық округ әкімі аппаратының есепші маманынан осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдау және жұмыстарды бекітілген заң талаптарына сай ұйымдастыру сұралсын.

Қоғамдастық төрағасы **С. Бекназаров**

Қоғамдастық хатшысы **Н. Бектібаев**